

## Алматы қаласының су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалу, туризм және спортқа арналған орындарды белгілеу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 3/447 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 шілдеде № 1571 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 94 бабының 2 тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласының су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалу, туризм және спортқа арналған орындары, осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М. Сембековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Сағынтаев*

Алматы қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы 9 шілдедегі  
№ 3/447 қаулысына қосымша

## Алматы қаласының су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалу, туризм және спортқа арналған орындар

№ р/с	Су объектісінің атаулары	Тұрғындардың жаппай демалу орындары	Орналасқан жерлері
1.	Д.Қонаев атындағы ҰАК	жағажай	Баум тоғайы
2.	Д.Қонаев атындағы ҰАК	жағажай	Гүлдер демалыс аймағы
3.	Сайран көлі (Алмалы ауданы)	жағажай	Төле би көшесінен оңтүстік бағытта 200 метр жерде
4.	Сайран көлі (Өуезов ауданы)	жағажай	Төле би көшесінен пирске дейін оңтүстік бағытта 300 метр жерде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК